

¹Сарбасова А.

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ - ІЗДЕНІС ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІГІ

Аңдатпа

Студенттің креативті ойлау қабілетін дамытатын технологиялардың бірі – шығармашылық - ізденіс технологиясы. Оқытудың шығармашылық-ізденіс технологиясы оқытушының өзіндік, шығармашылық шешімін талап ететін танымдық және практикалық міндеттерді қою арқылы студенттердің ізденушілік, танымдық қызметін ұйымдастыру болып табылады. Шығармашылық-ізденіс технологиясының мәні – ізденісті және білімді қолдануды ұйымдастыру, ғылыми танымның әдістерін іздеу барысында оларды меңгеруді қамтамасыз ету, шығармашылық қызметке қызығушылықты, өздігінен білім алуға қажеттілікті қалыптастыру, ұсынылған тапсырмалардың проблемасын түсінуге көмектесу, проблеманы шешуге бағытталған әдіс-тәсілдерді құру, проблемалық жағдайларды түсінуге және талдауға, проблемалар мен тапсырмаларды жекелеп көрсетуге үйрету. Аталған технологияны оқыту процесіне енгізген американдық ғалым Джон Дьюи. Ол проблеманы шешу үшін оқушылардың шынайы тәжірибесін пайдаланған. Мақалада шығармашылық-ізденіс технологиясына қойылатын талаптарды ескере отырып, тапсырма түрлерін ұйымдастыру жолдары қарастырылады. Аталмыш технологияның іскерлік қазақ тілі курсына қолданысы тәжірибе түрінде беріліп, нәтижесінде студенттің танымдық білімін дамытып, креативті ойлау қабілетін арттыруға, өз ойын еркін жеткізіп, сауатты жазуға үйретуге әсерін тигізетін құзіреттіліктер қалыптасады.

Түйін сөздер: шығармашылық-ізденіс технологиясы, танымдық қызмет, проблемалық жағдайлар, креативті ойлау

¹Sarbassova A.

¹Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan

THE ESSENCE AND FEATURE OF SEARCH TECHNOLOGY

Abstract

One of the technologies aimed at developing students' creative thinking is search technology. The search technology of learning is the organization of search, cognitive activities of students by setting cognitive and practical tasks that require independent, creative solution of the teacher. The essence of search technology is the search organization and application of knowledge, ensuring their assimilation when searching for methods of scientific cognition, building interest in creative activity, needs in self-education, assistance in understanding the problems of the proposed tasks. This technology was implemented into the educational process by American scientist John Dewey. The article examines how to organize the types of tasks, taking into account the requirements for search technology. The use of this technology in business Kazakh language courses is carried out in the form of practical experience, which creates competencies that contribute to the development of students' cognitive knowledge, the development of creative thinking.

Keywords: search technology, cognitive activity, problematic situations, creative thinking

¹Сарбасова А.

¹Казахский национальный университет имени Абая,
Алматы, Казахстан

СУТЬ И ОСОБЕННОСТЬ ПОИСКОВОЙ ТЕХНОЛОГИИ

Аннотация

Одной из технологий, направленной на развитие креативного мышления студентов, является поисковая технология. Поисковая технология обучения является организацией поисковой, познавательной деятельности студентов путем постановки познавательных и практических задач, требующих самостоятельного, творческого решения преподавателя. Сущность поисковой технологии – организация поиска и применения знаний, обеспечение их усвоения при поиске методов научного познания, формирование интереса к творческой деятельности, потребности в самообразовании, помощь в понимании проблемы предложенных заданий, создание методов и приемов, направленных на решение проблемы, обучение пониманию и анализу проблемных ситуаций, индивидуальному рассмотрению проблем и задач. Данная технология в учебный процесс была внедрена американским ученым Джоном Дьюи. Он обозначил основные этапы мышления как решение проблем, сформулировал идею обучения, основанную на непосредственном опыте и интересе учащихся. В статье рассматриваются пути организации видов заданий с учетом требований к поисковой технологии. Использование данной технологии на курсах делового казахского языка осуществляется в виде практического опыта, в результате которого формируются компетенции, способствующие развитию познавательных знаний студентов, развитию навыков грамотного письма и свободного общения.

Ключевые слова: поисковая технология, познавательная деятельность, проблемные ситуации, креативное мышление

Кіріспе. Қазіргі білім жүйесінің талабына сай жоғары оқу орнында білім берумен қатар тұлғаның құндылығын дамытуға бағытталған жаңаша көзқарасқатар жүреді. Жаңаша креативті ойлау – тұлғаның қалыптасуына әсер ететін фактор екенін ескерсек, оқыту процесінде шығармашылықты түрлендіріп отыру қажет. Студенттің жүйелі ойлап, ойын шығармашылық түрде жеткізе білу қабілетін қалыптастыру оқытушының бағыттаушы жұмысының нәтижесінде, оқыту технологиясын дұрыс таңдаумен жүзеге асады. Студентті мақаланы талдауға, ондағы қайшылықты пікірді салыстырып, ұсыныс жасауға, өзіндік шығармашылық ізденіс нәтижесінде шешім шығаруға үйрететін технологиялардың бірі – шығармашылық-ізденіс технологиясы. Аталған технологияны оқу процесіне енгізген американдық ғалым Джон Дьюи. Ол ойлаудың негізгі кезеңдерін мәселелерді шешу ретінде белгілеп, тікелей тәжірибеге және оқушылардың қызығушылығына негізделген оқыту идеясын тұжырымдады. Д. Дьюи «жұмыс жасау мектебі» идеясын ұсынып, іс жүзінде жүзеге асырды, бұл мектепте оқу жағдайы оқушылар білімінің жасырын және айқын көрінісін бақылаудан және реттеуден басталып, пәнді меңгерудің жаңа тәсілдерін жүйелі түрде түсіндірумен жалғасқан.

Ресей педагогикалық практикасында шығармашылық-ізденіс әдісін 19 ғасырда оқу процесіне енгізуде Б. В. Всесвятский, Б. Е. Райков, К. П. Ягодовский, филолог Н. Кузьман, И. И. Срезневский [1, 103б] және тағы басқалар үлкен рөл атқарды. Алайда жеткілікті теориялық базаның болмауы аталған әдістің біржақты дамуына тоқталды. Кейін 20 ғасырдың 60 жылдары оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсендіруге Б. П. Есипов, М. А. Данилов, М. Н. Скаткин [2, 203б] сияқты зерттеушілердің назары күшейе түсті және зияткерлік әлеуетке деген қажеттілік туындап, шығармашылық-ізденіс идеясы қайта қарастырылып, одан әрі жетілдірілді.

Оқытудың шығармашылық-ізденіс технологиясы оқытушының өзіндік, шығармашылық шешімін талап ететін танымдық және практикалық міндеттерді қою арқылы студенттердің ізденушілік, танымдық қызметін ұйымдастыру болып табылады. Шығармашылық-ізденіс технологиясының мәні – ізденісті және білімді қолдануды ұйымдастыру, ғылыми танымның әдістерін іздеу барысында оларды меңгеруді қамтамасыз ету, шығармашылық қызметке қызығушылықты, өздігінен білім алуға қажеттілікті қалыптастыру, ұсынылған тапсырмалардың проблемасын түсінуге көмектесу, проблеманы шешуге бағытталған әдіс-тәсілдерді құру, проблемалық жағдайларды түсінуге және талдауға, проблемалар мен тапсырмаларды жекелеп көрсетуге үйрету. Ізденіс – үлкен деректер топтамасынан объектіні алудың ақпараттық процесі ретінде анықталады. Зерттеу – қоғамдық-маңызды жаңа деректер алуға бағытталған ғылыми қызметтің процесі мен нәтижесі. Шетелдік педагогикада іздеу және зерттеу технологияларын шартты түрде бөліп қарастырады, бірақ технологиялардың екі түрі де проблемаларды шешу, шығармашылық ойлау және дербес ғылыми

немесе практикалық іздестіру барысында студенттердің нәтижелі қызметіне негізделгендіктен біз бірге қарастырамыз.

Әдістер. Шығармашылық-ізденіс технологиясын студенттің дайындығын ескере отырып, оқытудың барлық сатыларында қолдануға болады. Гуманитарлық пәндерде аталған технология үш бағытта қолданылады: студенттердің барлық тапсырмаларына іздеу элементтерін қосу (құжаттармен, карталармен, статистикалық кестелермен жұмыс істеу, көркем шығармаларды талдау және т. б.); оқытушының белгілі бір жағдайды дәлелдеу кезінде жүзеге асырылатын танымдық процесті ашуы, студенттің өз бетінше, бірақ оқытушының басшылығымен және бақылауымен жүзеге асыратын тұтас зерттеуді ұйымдастыруы (өз бетінше іздеуге, талдауға, фактілерді жинақтауға негізделген баяндамалар, хабарламалар, жобалар).

Шығармашылық-ізденіс технологиясына қойылатын талаптар:

- оқылатын материал проблемаға негізделіп, сол проблеманың шешімінде пікір қайшылығының туындауы;

- материалға сай пікір қайшылығын дәлелдейтін өзіндік ізденістің болуы;

- зерттеушінің шешімі алғашқы ұсынылған шешімнен де пайдалы, тиімді, қолданбалы болуы.

Шығармашылық-ізденіс технологиясы оқу пәні аясында тапсырмалар жүйесін құру кезінде оқытудың оңтайлы нәтижелеріне қол жеткізуге, оларды шешуге дайындық кезінде, шығармашылық ізденіске оң ықпалын тигізетін психологиялық ахуалды қамтамасыз етуге көмектеседі. Студент барлық білім көлемін тек жеке зерттеу және жаңа заңдарды, ережелерді ашу арқылы меңгере алмайды және меңгеруге тиіс те емес, өйткені өзіндік зерттеуге оқытушы түсіндіргеннен көп уақытты талап етеді. Сондықтан шығармашылық зерттеу технологиясын практикалық іске асыру үшін оқытуда мәселелердің негізгі түрлерін қамтитын міндеттер жүйесін әзірлеу қажет. Міндеттер жүйесі жалпы білім беру үшін маңызды және қолжетімді ғылым әдістерін қамтуы тиіс. Пәнді оқыту әдістемесі тұрғысынан тапсырмалар жүйесі мазмұны, шешу тәсілдері, үлгілердің қайталануы, олардың үйлесімі және пәндік мазмұнмен байланысы, жас ерекшелікке түсінікті болуы сияқты белгілерді ескере отырып құрылуы тиіс.

Шығармашылық-ізденіс технологиясы зерттеудің екі түрін көрсетеді: ғылыми-зерттеу әрекеті және оқу зерттеу әрекеті. Ғылыми зерттеу әрекеті – жаңалық іздеуге, бұрынғы білімнің жаңаша қырын ашуға бағытталса, оқу зерттеу әрекеті – ізденушінің зерттеушілік, сыни ойлау қабілетін дамытуға бағытталған білім беру мақсатындағы әрекет. Біздің мақсатымыз зерттеудің екі түрін де қарастыра отырып, студенттің білім алуға ықпалын тигізетін оқу әрекеттерін жүзеге асырудың жолдарын дамыту болып табылады. Жоғары оқу орнындағы зерттеу тапсырмаларының көпшілігі - зерттеудің барлық кезеңдерінен құрылуы мүмкін. Бұл кезеңдер: фактілер мен құбылыстарды бақылау және зерделеу; тапсырма беру (зерттеуге жататын түсініксіз құбылыстарды анықтау); гипотезаларды ұсыну; жоспар құру және жүзеге асыру; зерттеу құбылысының басқалармен байланысын анықтау; шешім, оның түсініктемелері мен тексерулері; алынған білімді болжамды және нақты қолдану туралы қорытындылар.

Шығармашылық-ізденіс технологиясы бойынша ғалым Загвязинский В. И. тапсырманы орындаудағы әрекеттерді төрт түрге бөлуге болатынын айтады [3,826]:

- Репродуктивтік – тапсырманың шарттарын нақты көрсете отырып ұйымдастыру, мысалы, мәтіннен детальді ақпаратты табуға бағытталған ақпараттық әдіс;

- Алгоритмдік – тапсырмаларды алгоритм, формула, модель ретінде ұйымдастыру, мысалы, модель арқылы аргументті сөйлеуге үйрету;

- Трансформациялық – бұрыннан белгілі заңдылықтарды ситуацияға сай қолдану, мысалы, қосынды мен қосылғыштың орны өзгерсе де, оның мәні өзгермейді;

- Шығармашылық-ізденушілік – логикалық талдау мен интуицияны ұштастыра отырып, тапсырмалар құру, мысалы, проблемалы сұрақ, жобалық жұмыс, кейс әдісі.

Соңғы онжылдықтар бойы көптеген шетелдік педагогтар зерттеушілік оқытудың үш деңгейі туралы түсініктерді ұстанады. Бірінші деңгейде оқытушы мәселені қояды және оны шешу әдісін өзі белгілейді. Шешімді, оны іздеуді студент өз бетінше жүзеге асыру керек. Екінші деңгейде оқытушы тек мәселені қояды, бірақ оның шешу әдісін студент өз бетінше іздейді (мұнда топтық, ұжымдық іздену жұмысы болуы мүмкін). Жоғары, үшінші деңгейде проблеманы қою, әдіс табу және шешімнің өзін әзірлеу сияқты әрекеттерді студенттер өз бетінше жүзеге асырады, оқытушы тек білім алушыларды бақылайды.

Шығармашылық-ізденіс технологиясымен оқытуда оқытушының қызметіне нақты талаптар қойылады. Ол:

- студенттердің белгілі бір тақырып бойынша идеялары мен түсініктерін қалыптастыруға, оларды нақты сөйлеуге ынталандыру;
- студенттерді қолда бар ұсыныстарға қайшы келетін құбылыстардың бар екенін ескерту;
- студенттерді баламалы түсініктерді, болжамдарды, жорамалды айтуға итермелеу;
- студенттерге өз жорамалдарын зерттеуге мүмкіндік беру, мысалы, тәжірибе жүргізу немесе шағын топтарда талқылау;
- студенттерге бағалау үшін құбылыстардың, жағдайлардың кең ауқымына жаңа көзқарастарды қолдануға мүмкіндік беру керек.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері шығармашылық ізденістің негізгі ерекшеліктерін көрсетеді. Біріншіден, білім студенттерге дайын түрде берілмейді, өз бетінше шешуге тиіс мәселе ретінде ұсынылады. Білім беру мақсат емес, мәселені шешу құралы болып табылады. Студенттер өздері үшін жаңа білім алу қажеттілігін түсінеді, бұл олардың уәждемесі мен белсенділігін айтарлықтай арттырады. Екіншіден, сабақта студенттің белсенділігі мен дербестігі әлдеқайда жоғары болады. Студенттер мәселені өздері анықтайтын топтарға бөледі, оларға қандай білім мен ақпарат көздері қажет екенін анықтайды, осы дереккөздермен жұмыс істейді, мәселені шешудің алынған нұсқасын қорытады. Оқытушы үнсіз бақылаушы болумен қатар топтарға қажет болған кезде ғана көмек көрсетеді.

Нәтижелер. Шығармашылық-ізденіс процесі барысында студенттердің төмендегідей жалпы оқу құзыреттілігі қалыптасады:

- білімді іздеу;
- негізгі ойлау іс-әрекеттері және мәселені талдауға, синтездеуге, қорытуға үйрету;
- рефлексивті ойлау мәдениетін қалыптастыру;
- қызмет бағытын таңдау және шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыру;
- талқылау әрекеттерін меңгеру, пікірталас мәдениетін қалыптастыру;
- оқу процесі арқылы эмоционалды және жеке даму;
- имитациялық және рөлдік үлгілеуді қамтитын оқыту жүрісінің эмоциялық және интеллектуалды рефлексиясын қалыптастыру. Бұл тәсіл екі нұсқада жүзеге асырылады: оқу процесі жаңа қолданбалы, практикалық мәліметтерді іздеу процесі ретінде құрылатын тәсіл ретінде іске асса, екіншіден, оқу процесі жаңа теориялық білімді, жаңа танымдық бағдарларды іздеу ретінде құрылатын теориялық-танымдық бағдарды іздеу тәсілі ретінде қолданылады. Білім беру тәжірибесінде бұл тәсіл тиісті алгоритмдер мен модельдерді пайдалану негізінде ұйымдастырылатын өзіндік зерттеушілік оқытуда, проблемалық-бағдарланған оқытуда, жобалау әдісінде басқа да технологияларда жүзеге асырылады.

Шығармашылық-ізденіс әрекеті-адамның ойлау қабілетінің қызмет ету ерекшеліктеріне сүйенеді. Білім алу процесі адамға оны түсіну, есте сақтау және практикалық пайдалану процесін жеңілдету үшін құрылған. Ол 1960-жылдары әйгілі психолог Дж. Бруннермен тұжырымдалған зерттеу оқытудың психологиялық қағидаларында көрініс тапқан[4,2036].

Шығармашылық-ізденіс технологиясын іске асыру кезінде студенттердің шығармашылық іс-әрекетінің мынадай дағдылары қалыптасады: білім мен іскерлікті жаңа жағдайда қолдану, міндеттерді пайымдау, объектінің жаңа қызметі мен құрылымын анықтау, жаңа іс-әрекеттің белгілі тәсілдерін құрастыру, проблеманы шешудің балама амалдары. Тілдік сабақтарда берілген тапсырма шарттарын іздеудің логикалық ретін таба білу, проблемалы пікірді талдау, әрбір пікірдің дәлелдемесін анықтау, дәлелдемелер мен шешімнің толықтығы мен жеткіліксіздігін тексеру, шешім нәтижесінің тапсырма сұрағы бойынша байланысын анықтау сияқты әрекеттер жүзеге асады. Шығармашылық қызметтің аталған әрекеттері проблемалы тапсырманың шешу жолдарын іздестіру кезінде байқалады. Бұл қысқаша мәтіндік тапсырмалар, студенттердің кейбір бастапқы білім мен білік қорының барын болжайтын сұрақтар болуы мүмкін. Ізденіс тапсырмаларын орындауда қиындықтар болған жағдайда, мәселенің өзектілігі сақталып, студенттерге көмек көрсетіледі.

Талқылаулар. Жоғары оқу орнында кәсіби дайындықпен қатар студенттердің тілдік құзіреттілігін дамыту да маңызды. Олай дейтініміз орта білімді қазақ тобында оқып, тілдік білімі өте жақсы студенттердің (әсіресе қаланың балалары) тілдік қатынасқа түсуде қиындықтары кездеседі. Оның себебі технологияның әсері және аралас тілде сөйлейтін ортаның әсері болуы мүмкін. Болашақта білікті, құзіретті тұлға қалыптастыру міндетін ескерсек, студенттің мемлекеттік тілде

ойын жүйелі жеткізіп, мәселені талдап, пікір білдіре алуы өзекті мәселе. Сондықтан студенттің коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастыру үшін ізденуге, интеллектісін дамытуға бағытталған коммуникативтік тапсырмалар берілуі міндетті. Коммуникативтік-тапсырмалар сөйлесім әрекеті арқылы тілдік-жағдаяттық тапсырмаларды әзірлеумен жүзеге асады.

КИМЭП университетінде іскерлік қазақ тілі курсы қазақ мектебін бітірген және тілді жетік білетін студенттерге арналған. Курс кәсіби саладағы материалдармен тиімді жұмыс жасауға, өз бетінше жобалар мен презентациялар ұйымдастыруға, ғылыми-зерттеу жұмыстарын талдауға, кәсіби пікірталас пен дебаттарға қатысуға, түрлі келіссөздер мен іскерлік қарым - қатынас тілін жүзеге асыруға бағытталған. Студенттің коммуникативтік дағдыларын қалыптастырушы әрекет ретінде оқылым әрекетіне тереңірек тоқталғымыз келеді. Аталған курста студенттің қоғамдық-әлеуметтік, экономикалық ой-өрісін дамыта алатын публицистикалық мәтіндер пайдаланылады. Курсты жақсарту, қызықты өткізу мақсатында студенттерге сауалнама жүргізіліп отырады, осындай сауалнаманың бір сұрағында «Сізге қызықты мәтін түрлерін белгілеңіз» деп көрсетілген. Нәтижесінде 20 % қоғамдық-әлеуметтік мәтіндерді, 20 % экономикалық мәтіндерді, 10 % аутенттік мәтіндерді, 10 % нұсқау, жарлық мәтіндерді, 10 % мәдени мәтіндерді, 15 % саяси мәтіндерді, 10 % ғылыми мәтіндерді, 5 % көркем мәтінді таңдаған. Сауалнаманы негізге ала отырып, іскерлік қазақ тілі курстында қоғамдық-әлеуметтік, экономикалық медиамәтіндерді оқу құралы ретінде таңдап алдық. Медиамәтін дереккөздері ретінде «Айқын», «Егемен Қазақстан», www.ktk.kz сайты пайдаландық. Мәтінді оқып, талдаудың қаншалықты коммуникативтік құзіреттілікке байланысы бар? Мәтінді шығармашылық-ізденіс технологиясы арқылы талдау студенттің қабілетін жан-жақты дамытуға әсерін тигізетіні тәжірибеден байқалды. Ол үшін нақты мысалдар келтірейік.

«Тауар айналымына тосқауыл болмауы тиіс» мақаласына байланысты мынадай тапсырма түрін беруге болады [5,36].

Берілген тұжырымдарды дәлелдейтін айғақтарды тірек сөздермен және сөз тіркестерімен жазыңыз (әр дұрыс жауап 1 %)

1. Соңғы жылы екі ел арасында өнімді сату-сатып алу байланысы жүзеге асуда.

А..... В.....

2. Қазақстандық және ресейлік компаниялар арасында кедергілер бар.

А..... В..... С.....

3. Отандық тауарлардың шетелге экспортталуы төмендеді.

А..... В.....

Мәтін мазмұнына сай келетін аннотацияны таңдаңыз.

А. Қазақстан мен Ресей арасындағы тауар айналымының ел экономикасына қосар үлесі аз. Оған мысал «Сыбаға» бағдарламасы қаржыландырған ірі қара мал сатып алу жобасы отандық кәсіпкерлерді біраз әуреке салды. Сырт көзге қарағанда заң бойынша жүзеге асып жатқан сату-сатып алу процесстерінде екі ел арасында мал шаруашылығы саласындағы мәселелер толық қарастырылмаған. Министр бұл проблемаларды саясатпен байланыстырып, тығырықтан шығудың жолын ұсынады.

В. Қазақстаннан Ресейге темір, мыс, көмір, уран т.б өнімдер тасымалданады. Ресейден де импортталатын тауарлардың көлемі артып келеді. Бұл екі ел арасындағы тығыз тауар айналымы бар екенін дәлелдейді. Сол сияқты қазақстандық несие корпорациясының қолдауымен кәсіпкерлер ірі қара мал өсірумен айналысып, Ресейден герфорд асыл тұқымды ірі қара малды сатып алып жатыр. Бірақ Орталық Қазақстандық фермер ақысы төленген малдарын әлі ала алмай отыр. Бұл мәселеге байланысты басқарма төрағасы көмек көрсететінін айтты.

С. Сауда және интеграция министрі Бақыт Сұлтанов екі ел арасында орын алған проблемалардың негізгі себептерін атап көрсетті. Қазақстандық тауар экспортының төмендеуінің себебін саясатпен байланыстырып, мал шаруашылығы саласындағы кедергіні талқылады. Металлургия тасымалы бойынша тығыз байланыс жасап жатқан Ресей мен Қазақстан Еуроазиялық экономикалық одаққа аталған саланы ұсыну керектігін дұрыс шешім деп ойлайды.

Бірінші тапсырмада шығармашылық-ізденіс технологиясының компрессия әдісі, яғни ойды жинау арқылы берілен. Егер мақаланы студент детальді түрде түсінбесе айғақтарды тірек сөздермен жаза алмайды. Екінші тапсырма да ойды жинау мақсатымен құрылған. Бірақ, ойды шағын мазмұнмен тұжырымдау студент үшін шығармашылық жұмыс. Сонымен қатар, мақаланы концептуалды кесте, кейс, проблемалы сұрақ әдістері арқылы талдау да шығармашылық жұмыстың түрі.

Қорытынды. Тапсырма түрлерін шығармашылық-ізденіс жолмен ұсыну нәтижесінде студент

- айтар ойын жүйелі, нақты жеткізуге;
- ақпаратты нақты таңдай алуға;
- қоғамдық-әлеуметтік, экономикалық проблемаларғасараптама жасауға;
- проблемаға көзқарас білдіруге;
- түрлі дереккөздерден ақпарат іздеуге, оны іріктеуге;
- көпшілік алдында баяндама жасауға үйренеді.

Шығармашылық - ізденіс – студенттің танымдық білімін дамытып, креативті ойлау қабілетін арттыруға, өз ойын еркін жеткізіп, сауатты жазуға үйретуде елеулі нәтиже береді деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Райков Б. Е. Пути и методы натуралистического просвещения, Москва, 1960. – 485 с.-книга
- 2 Скаткин М. Н. Связь обучения в восьмилетней школе с жизнью, Москва, 1962. – 147с.-книга
- 3 Загвязинский В. И. Теория обучения: Современная интерпретация: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений. — М.: Издательский центр «Академия», 2001.– 480 с.-книга
- 4 Брунер Д. Психология познания. М.: Прогресс, 1977.– 412с. -книга
- 5 Арнұр А. Тауар айналымына тосқауыл болмауы тиіс // Егеменді қазақстан, Экономика бөлімі, 19 Қараша, 2019.- газет
- 6 Лернера И. Я. Познават. задачи в обучении гуманитарным наукам, под ред., М., 1972. – 540 с.-книга
- 7 Лернер И. Я. Дидактич. основы методов обучения, М., 1981. – 450 с.-книга
- 8 Писарук Г.В. Методика преподавания русского языка в вопросах и ответах. Брест: Академия, 2008. . – 167с.- учебное пособие

References:

1. Raikov B. E. Puti i metody naturalisticheskogo prosvещения, Moskva, 1960. – 485 s.-kniga
2. Skatkin M. N. Svяз obucheniya v vösmiletnei škole s jiznью, Moskva, 1962. – 147s.-kniga
3. Zagvazinski V. I. Teoria obucheniya: Sovremennaiya interpretasiya: Ucheb. posobie dlä stud. vysş. ped. ucheb, zavedeni. — M.: Izdatelski sentr «Akademia», 2001.– 480 s.-kniga
4. Bruner D. Psihologiya poznaniya. M.: Progres, 1977.– 412s. -kniga
5. Arnūr A. Tauar ainalymyna tosqauyl bolmauy tiis // Egemendi qazaqstan, Ekonomika bölmi, 19 Qarasha, 2019.- gazet
6. Lerner I. Ya. Poznavat. zadachi v obuchenii gumanitarnym naukam, pod red., M., 1972. – 540 s.-kniga
7. Lerner I. Ya. Didaktich. osnovy metodov obucheniya, M., 1981. – 450 s.-kniga
8. Pisaruk G.V. Metodika prepodavaniya ruskogo iazyka v voprosah i otvetah. Brest: Akademia, 2008. . – 167s.- uchebnoe posobie

МРНТИ 19.01.07

<https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-7804.92>

Оспанова У.,¹ Акоева И.²

^{1,2} АО “Информационно-аналитический центр” при МОН РК,
Нур-Султан, Казахстан

МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ПРИМЕНЕНИЯ МУЛЬТИАГЕНТНОГО ПОДХОДА К ФОРМИРОВАНИЮ, ЭКСПЕРТНОЙ РАЗМЕТКЕ И КЛАССИФИКАЦИИ КОРПУСА НОВОСТНЫХ ТЕКСТОВ

Данная статья подготовлена в рамках реализации ПЦФ #BR05236839 по теме “Разработка информационных технологий и систем для стимулирования устойчивого развития личности как одна из основ развития цифрового Казахстана”

Аннотация

Разработка автоматизированных информационных систем для оценки электронных СМИ приобретает все большую актуальность в связи с экспоненциальным увеличением объемов информации в мире.